




Бекітемін: 
«Құншұяқ» жекеменшік
бөбекжай бақшасының
директоры А.Е.Баянова

Облыстық семинар: «Мектепке дейінгі білім сапасының
педагогтерінің кәсіби деңгейі-сапа кепілі»

Шеберлік сынып: «Лего құрастырғыштың қыр сыры»



Тәрбиеші: Әміреєва Алтын

13.05.2025 ж. Таушық ауылы

Зерттеудің мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға LEGO құрастырғыштарының қалай әсер ететінін теориялық негіздеу және эксперименталды түрде көрсету. Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру, қиялын дамыту. Берілген нұсқаулықты орындау. Танымын, тілдік, сөздік қорын байыту. Зейінін тұрақтандыру.

LEGO – өзімен бірге алуан-түрлі нәрселерді құрастыру мен модельдеу үшін арналған бөлшектер жиынтығын әкелетін, ой қабілеттілікті дамытатын ойыншықтар топтамасы.

Қазіргі таңда әлемде робототехника ғылымы кеңінен қолданыс табуда. Қазақстан дамыған елдер қатарынан көріну мақсатында ғылыми-техникалық прогресстің осы бір маңызды бағытына бетбұрыс жасап келеді. Ғылымның бұл түрі жайлы түсінік ерте жастан қалыптаса түскені абзал. Білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу жолында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра қызмет ету, еңбектену, іздену – бүгінгі педагог міндеті.

Топтың жұмысы техникалық өнім-моделін өз бетінше әзірлеу бойынша логикалық ойлауының дамуына, білік пен дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Балабақшадағы лего құрастырғыштары мектепке дейінгі мекемелер жұмысында жаңа бағыт болып табылады. Бұл тек қана құрастыру ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі жастағы балалардың техникалық болжаудағы дағдыларын, мақсатқа жету үшін жұмысты құру қабілеті және ұжымда жұмыс істей алу іскерлігін дамыту болып табылады.

Жобаға негіз болған тұжырым: балалардың құрастыру белсенділігін қалыптастыру үшін педагог пен балалардың бірлесе ойнауы барысында бала өзін еркін сезінуге жағдай жасау керек. Сонымен қатар баланың жас ерекшелігімен тұлғалық қасиеттеріне сай таңдалуы керек. LEGO балалардың ойын, зейінін дамытады. Сонымен қатар бұл құрастырмамен кез келген сюжет желісіне сай ойын ойнауға болады. Мәселен, қыз балалар қуыршақтарына ас пісірсе, ер балалар сол үйді құрастыра алады. Сондай-ақ, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді балалар әртүрлі биіктікті мұнаралар, саябақтар, көліктер тұрағын құрастыра алады.

Лего – құрастырғыштары сөйлеуінде ауытқулары бар, яғни инклюзивті балаларды оқытуда кеңінен пайдаланылады. Құрастыру кезінде ұсақ моторика дами отырып, баланың ойлау қабілетін дамытады. Лего ойыншықтарын бала ұстап көре алады.

Лего-құрастырғыштары бала өміріне қауіпсіз. Лего құрастырғыштарын қолданып бала ойындағысын құрап қуанышқа бөленеді. Лего арқылы оқыту ойын түрінде жүзеге асады. Құрастырғыштар жеңіл болғандықтан оларды кез келген кеңістікте пайдалануға болады. Мәселен, үстел үстінде, кілемшенің үстінде т.б. Бала өзін еркін сезіне отырып құрастырғыштармен жалғыз немесе топпен де, жұптасып да ойнай алады.

Лего-құрастырғыштары мен робототехника жаңа заманауи бағыт. Бұл әрекеттің түрі баланың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, ал балабақшаға

мектеп жасына дейінгі балаларды техникалық шығармашылыққа тартуға мүмкіндік береді.

Құрастыру мен робототехниканың тағы бір тартымды, ұтымдылығы бір құрал-жабдықтың балабақшаның барлық жас тобында қолданылуы мүмкін, тек мақсаттары мен міндеттері баланың жасына сай өзгеріп отырады. Жеңіл мақсаттардан күрделі мақсаттарға ауыса алады деген сөз. Мысалы кіші топ жастағы балаларға үлкен құрастырғыштарыды беріп мақсатын жеңілдетсек, керісінше бала жасы өскен сайын үлкенінен кіші бөлшектерге қарай ауысып, ойын мақсаттарын күрделендіріп отырамыз. Әсіресе мектепалды топтарында Бұл құрастырғыштар мектепке даярлауда үлкен рөл атқарады. Бұл оқуға қабілеттігін қалыптастыруға, нәтижелерге қол жеткізуге, айналасындағы әлем туралы жаңа білім алуға, білім беру қызметінің алғашқы алғышарттарын қалыптастыруға ықпал етеді. Lego құрастырғыштарының ұсақ және үлкен бөлшектерін пайдалану баланың қиялын, шығармашылығын арттыруға көмектеседі.

Лего құрастырғыштары тек схема бойынша ғана емес, сонымен қатар өз ойларын, қала құрылысын, станцияларды құрастыруды үйренеді және өздерінің өнертабыстарын жеңеді. Lego балабақшада тек ойын ретінде ғана емес, сонымен қатар вариативтік қарым-қатынас ретінде де қолданылады.

Лего құрастырғыштармен бала жасына сай «Саябақ», «Көліктер», «Отбасы», «Жануарлар», «Көліктер тұрағы», «Орман», «Пойыз-темір жол көлігі», «Робот тышқан», «Мұнара» тәрізді ойындарды ойнатуға болады.

БАЛАЛАРДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- Құрастыру , ойлау, сөздік қор, сөйлеуін дамыту;
- Шығармашылық пен қиялын дамыту.
- Ұсақ моторика, зейін, ұқыптылық;
- жеке және топпен жұмыс жасауда жауапкершілікті дамыту;

